

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

т.ғ. к., профессор Оржанова Ж.К.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« » 20 ж.

(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Бетон зауыды үшін автоматтандырылған электр жетегін жасау

5B071800 - «Электроэнергетика» мамандығы бойынша

Орындаған Уатай Құрмет Мұхитденұлы ЭЭ(ЭАТК)ук-18-9

(аты жөні) (тобы)

Жетекші Мустафин Марат Аскарлович, Техника ғылымдарының докторы, профессор

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:

Техникалық бөлімі бойынша:

Абдуллаев Зухриддин Махмуджанович, аға оқытушы

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« » 20 ж.

(қолы)

Экономикалық бөлім бойынша:

Абильдина Айнур Шахизадина к.э.н доцент

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« » 20 ж.

(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

Байсакова С.М аға оқытушы

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« » 20 ж.

(қолы)

Пікір жазушы:

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

« » 20 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

<u>Электр энергетика және электр техника</u>	институты
<u>5B071800 - «Электроэнергетика»</u>	мамандығы
<u>Электр машиналары және электр жетегі</u>	кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Уатай Құрмет Мұхитденұлы

(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Бетон зауыды үшін автоматтандырылған электр жетегін жасау

Ректордың « 27 » 10 2020 ж. № 217 бұйрығы бойынша бекітілген.
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 20 » мамыр 2021 ж.
Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Дипломдық жұмыста әзірлеуге жататын сұрақтар тізімі немесе қысқаша мазмұны:

Бұл жұмыста бетон зауыды туралы жалпы мәліметтер берілген, оның электр жетегіне қойылатын жалпы талаптар қарастырылған. Бетон зауыдына арналған электр жетегінің жүйесі жүйесі таңдалды. Бетон зауыдының жүйесіндегі жүктемені есептеу үшін конвейірлік лета толық қарастырылған. Бетон зауыды үшін электр жетегінің күштік сұлбасы жобаланып, жиілікті түрлендіргіш таңдалып, оның элементтерінің параметрлері анықталды. Бетон зауыды үшін арналған қондырғылардың математикалық моделі келтірілген, басқару объектісінің параметрлері қарастырылып, зауыт аймағында жұмыс жасайтын конвейірдің автоматтандырылған электр жетегінің құрылымдық сұлбасы берілген. Еңбек жағдайына анализ жасалынып, таңдалған электр жетектің артықшылығын дәлелденген.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету)

тізімі

Беттон зауыдының құрылымдық сұлбасы

Қозғалтқыштың жүктемелік диаграммасы

Қозғалтқыштың орынбасу сұлбасы

Қозғалтқыштың табиғи және жасанды сипаттамалары

Конвейердің жетекті станциясының кинематикалық сұлбасы

Бетон зауыдының жүйесінің құрылымдық сұлбасы

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

Сагитов П.И., Мустафин М.А. Айнамалы ток электр жетегі (айн ымалы токтары): оқу құралы. – Алматы, 2008.- 58б.

П.И. Сагитов, Н.К.Алмуратова. Өнеркәсіп механизмдерінің элект ржетегі: Электр энергетикасы маманд. барл. оқу түрін. студ. арн. дәрі стер жинағы. – Алматы, АЭЖБИ, 2009.- 58б.

Түзелбаев Б. И., Жақыпов А. А. Сала экономикасы. Бітірушіл ер жұмысының экономикалық бөлімін орындауға арналған әдістемлік н ұсқаулар (Электр энергетикасы бағыты бойынша оқитын бакалаврлар үшін). – Алматы: АЭЖБУ, 2008.

Жұмыс бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлімшелер	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	Абдуллаев З.М	31.05.20	
		21	
Өмір тіршілік қауіпсіздігі	Байсакова С.М	28.04.20	
		21	
Экономикалық бөлім	Абильдина А.Ш	31.05.20	
		21	

Диплом жұмысын дайындау

К Е С Т Е С І

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	<i>Бетон заудының түрлері</i>	<i>19.11.2020</i>	
2.	<i>Бетон заудының бөліктері, жұмысы</i>	<i>19.12.2020</i>	
3.	<i>Қозғалтқыш жетегін таңдау және есептеу</i>	<i>14.02.2021</i>	
4.	<i>Жиілік түрлендіргіш жүйесі</i>	<i>29.03.2021</i>	
5.	<i>Зауыт конвейернің жүйесі</i>	<i>11.04.2021</i>	
6.	<i>Түрлендіргіштің реттегіш сипаттамасын тұрғызу және есептеу</i>	<i>25.04.2021</i>	
7.	<i>Бетон заудының жетегінің ауыспалы үрдістерін есептеу</i>	<i>29.04.2021</i>	
8.	<i>Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі</i>	<i>28.04.2021</i>	
9.	<i>Экономикалық бөлім</i>	<i>31.05.2021</i>	

Тапсырманың берілген уақыты « 18 » қараша 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Оржанова Ж.К., т.ғ.к., профессор
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі _____ Мустафин М.А. т.ғ.д профессор
(қолы) (аты-
жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы
қабылдаған студент _____ Уатай Қ.М.
(қолы) (аты -жөні)

Аңдатпа

Дипломдық жоба бетон зауытының автоматтандырылған электр жетегін қамтиды. Негізгі бөлім бетон зауытының жетегінің электр қондырғыларын таңдау мен есептеуді қамтамасыз етеді, статикалық және динамикалық сипаттамаларын есептейді. Бетон зауытының негізгі элементі ретінде бетон өндірісіне қажетті компоненттерді тасымалдаушы автоматтандырылған ленталы конвейр жетегі қарастырылады.. Жетек элементтерінің есептеулері орындалады.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде зауыт аймағында және ленталы конвейрдегі электр жетегін қолдану барысында ұстанатын сақтық шаралары қарастырылған, жұмысқа кірісер алдындағы еңбек қорғау шарты, жұмыс бөлмесінде жарықтану жүйесіне есеп жүргізу, автоматты түрде өрт сөндіру жүйесі есептеліп қарастырылған.

Экономикалық бөлімде бетон зауытының жүйелі түрде экономикалық тұрғыда тиімді жұмыс істеуі және зауыттың жобалық жөндеу жұмыстарына кететін шығындар қарастырылған. Жұмысшыларға төленетін жалақы шығындары, электр энергиясының қолданудағы шығындары толық қарастырылған.

Аннотация

Дипломный проект включает в себя автоматизированный электропривод бетонного завода. Основное отделение обеспечивает подбор и расчет электроустановок привода бетонного завода, рассчитывает статические и динамические характеристики. В качестве основного элемента бетонного завода рассматривается автоматизированный ленточный конвейерный привод, несущий компоненты, необходимые для производства бетона. Выполняются расчеты элементов привода.

В отделе безопасности жизнедеятельности предусмотрены меры предосторожности при эксплуатации электропривода на заводской зоне и ленточном конвейере, предусмотрены условия охраны труда перед началом работы, Расчет системы освещения в рабочем помещении, система автоматического пожаротушения.

В экономической части предусмотрено планомерное ремонтные работы, экономически эффективное функционирование бетонного завода и затраты на проектные ремонтные работы завода. Полностью предусмотрены расходы на заработную плату работникам, расходы на потребление электроэнергии.

Annotation

The diploma project includes an automated electric drive of a concrete plant. The main department provides the selection and calculation of electrical installations of the concrete plant drive, calculates static and dynamic characteristics. As the main element of the concrete plant, an automated conveyor belt drive is considered, which carries the components necessary for the production of concrete.. Calculations of the drive elements are performed.

In the department of life safety, precautions are provided for the operation of the electric drive in the factory area and on the conveyor belt, labor protection conditions are provided before starting work, the calculation of the lighting system in the working room, the automatic fire extinguishing system.

The economic part provides for the planned cost-effective operation of the concrete plant and the costs of design repair work of the plant. The expenses for employees ' salaries and electricity consumption are fully provided for.

Мазмұны

<i>Кіріспе</i>	8
<i>1 Технологиялық бөлім</i>	9
<i>1.1 Бетон зауытының сипаттамасы</i>	10
<i>1.2 Бетон өндірісінің сипаттамалары</i>	15
<i>1.3 Бетон Зауытының классификациясы</i>	16
<i>1.4 Конвейердің конструкциялды сипаттамасы</i>	17
<i>1.5 Бетон зауытына арналған ленталы конвейердің энергия үнемдейтін көп қозғалтқышты электр жетегі</i>	20
<i>1.6 Электр жетек жүйесін таңдау</i>	23
<i>1.7 Электр қозғалтқышты таңдау</i>	25
<i>1.8 Басқару жүйесінің параметрлерінің есептеуі</i>	29
<i>2. Жиілік түрлендіргіші бар көп қозғалтқышты асинхронды электр жетектің басқару жүйесін құру</i>	33
<i>2.1 ЖТ-АҚ жүйесіндегі бір қозғалтқышты асинхронды электр жетектің құрылымдық сұлбасы</i>	35
<i>2.2. ЖТ-АҚ жүйесінің математикалық сипаттамасы</i>	38
<i>2.3 Екі қозғалтқышты электр жетектің динамикасының математикалық сипаттамасы мен құрылымдық сұлбасы</i>	41
<i>2.4. ЖТ-АҚ тұйықталған жүйесінің орнықтылығы</i>	41
<i>2.5 Екі қозғалтқышты асинхронды электр жетектің басқару жүйесінің параметрлінің синтезі</i>	45
<i>3 Өмір тіршілік қауіпсіздігі</i>	50
<i>3.1 Бетон зауыты аумағындағы қауіпті және зиянды факторлар</i>	50
<i>3.2 Техникалық қорғау шаралары</i>	55
<i>3.3 Қорғаныстық жерге қосуды есептеу</i>	58
<i>3.4 Өндіріс орнын жарықтандыру</i>	64
<i>4 Экономикалық бөлім</i>	67
<i>4.1 Екі қозғалтқышты ленталы конвейер электр жетегін жетілдіруге кететін капиталды шығындар</i>	68
<i>4.2 Электроэнергия шығындары</i>	70
<i>4.3 Экономикалық тиімділік</i>	71
<i>Қорытынды</i>	74
<i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</i>	75

Кіріспе

Құрылыс материалдары арасында кәшбасшы ол бетон. Заманауи

құрылыс материалы цемент, су, құм мен тасқұмның қосылуы арқылы жасалады. Бұл құрылыс материалы алғашқырет 1844 жылы патенттелген болатын. Бетонға басқада қасиеттер әртүрлі пластификаторлар қосу арқылы алынады. Қазіргі таңда қолданылатын құрылысқа арналған бетон арнайы тағайындалған 25192-2021 стандарты бойынша жасалады.

Бетон зауыты дегеніміз не?

Заманауи бетон заводы- бұл негізгі және қосалқы жабдықтардың кешені, бетон қоспаларын өндіруге арналған шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған өндірістік алаңдар. Бетон зауыты жұмысының принципі келесі негізгі кезеңдерді орындау болып табылады.

- Бетон өндірісіне қажетті компоненттерді қабылдау, оларды сақтау. Стандарттармен анықталған бетон қоспасының құрамына сәйкес шикізатты жеткізу.

- Компоненттерді мұқият араластыру және дайын қоспаны жеткізу

Зауыттар үздіксіз және циклді болып келеді. Кәсіпорындардың бірінші түрі бетон қоспасын үздіксіз өндіруге, екіншісі - сериялы өндіріске бағытталған. Үздіксіз қондырғыларда негізгі өндірістік қадамдар бір уақытта және тұрақты түрде жүзеге асырылады. Циклдік жабдықтың жұмысы тиеу, араластыру және түсіру жұмыстарын кезеңді қайталанып отырады.

Бетон өндірісі – бұл әртүрлі құрылыс қоспалары мен бетон өндірісі үшін қажетті қоспаларды пайдалана отырып бетон өндіру үшін мұқият ойластырылған, ұйымдастырылған кешен болып табылады. Бетон зауыды кәсіби жабдықтардан тұрады: дисперсті қоспаны сақтауға арналған бункерлер, бетон араластырғыштар, қоректендіру құрылғылары, құрылыс материалдарын тиеу механизмдерімен ленталы конвейрден тұрады.

Бетон зауыттары бетон қоспаларын сақтауға, беруге, араластыруға арналған арнайы жабдықты қамтиды. Одан бөлек металл бункер, құрғақ материалдарды сақтау қоймасы, желдетуге арналған саңылаулары бар герметикалық қақпақпен, ленталы конвейрден, деңгей датчиктерімен, сүзу жүйесімен жабдыкталады.

Бетон зауытының негізгі торабтары болып: компоненттерді қосу бункерлері, ингредиенттер араласатын контейнер, бетон араластырғыш болып табылады.

Қосымша жабдықтар. Бұл санатқа арнайы зертханалық жабдықтар, агрегаттардың температуралық көрсеткіштерін реттейтін қондырғылар.

Бетонсыз заманауи құрылыс мүмкін емес, өйткені ол негізгі құрылыс материалдарының бірі болып табылады. Құрылыс жұмыстарының сапасы және олардың жылдамдығы әртүрлі бетон қоспаларын үздіксіз жеткізумен тығыз байланысты. Күрделі құрылысты ұйымдастыру кезінде жұмыс орнына бетон жеткізу өте тиімсіз. Сондықтан жеке ерітінді-бетон қондырғысын немесе басқаша - бетон зауытын көшпелі түрде ұйымдастыру орынды болуы мүмкін. Бұл жағдайда бетон зауыты жиналмалы және тасымалдауға ыңғайлы етіліп құрастырылады.

Қазіргі нарықта бетон зауытының бірнеше түрі кездеседі. Олардың

өндіріс ауқымына байланысты, жұмыс істеу режиміне байланысты, орналасу жеріне, циклдар санына байланысты бірнеше классифициялары кездеседі.

Бұл дипломдық жұмыста бетон зауытының ленталы конвейерінің электр жетегі қарастырылған. Бетон зауытының құрылысының әртүрлігіне қарамастан олардың негізгі құрылғысы электр жетегі болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты бетон зауытындағы ленталы конвейерінің автоматтандырылған электр жетегін өңдеп, автоматты басқару жүйесін құру. Бетон зауытының электр үнемділігін арту арқылы, зауыттың бетон нарығында өнімді және эконоликалық тұрғыда тиімді жұмыс істеуін қамтамасыздандыру.

1. Технологиялық бөлім

1.1 Бетон зауытының сипаттамасы

Бетон зауытының жұмыс істеу принципіне байланысты бірнеше құрылыстар түрлерін қамтиды:

- Цемент қоймасы . Бұл тіректерге тігінен орнатылған үлкен көлемдегі металл контейнер. Жоғарыдан ол желдеткіш саңылаулары бар арнайы қақпақпен жабылған, сүзу жүйесімен, деңгей датчиктерімен жабдықталған. Конструкцияның төменгі бөлігі конус түрінде жасалады, одан цемент шнекке түседі.



1.1 сурет - Бетон зауытының бункері.

- Бункерлар. Бұнда компоненттердің бір-бірімен араласу процесі жүреді (щебень, құм) компоненттер араласып ленталық конвейерге жиберіледі.
- Бетон араластырғыштар. Бетон зауытының құрылысында бұл негізгі қондырғылар болып табылады. Бетон араластырғыштар екі түрі бар: мәжбүрлі және гравитациялық. Олар барлық компоненттерді дайын қоспаны толық араластырып кейін дайын массаны құйып береді.

Мөлшерлеу кешені.

Бетон қоспасының инертті компоненттерін (қиыршық тас, құм, елек және т.б.) алдын ала рецептура бойынша мөлшерлеуге арналған. Бункерлердің саны көлемге байланысты.

Негізгі қондырғылардан басқа, агрегаттардың температурасын, жұмыс істеу процесін қадағылайтын арнайы бақылау орталықтарымен, зертханалардан, компрессорлық бөлмелерден тұрады.

Мөлшерлеу кешені кез - келген ерітінді бетон қондырғысының ажырамас бөлігі болып табылады, ол стационарлық бетон зауыты немесе жылжымалы мобильді бетон зауытының бөлігі болып табылады. Жоғарыда аталған компоненттердің міндеті-конвейер таспасына берілген инертті материалдарды

өлшеу және мүмкіндігінше дәл мөлшерлеуді іске асырады. Мөлшерлеу кешенінің маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес, өйткені алынған бетон қоспасының сапасы диспенсерлердің сапасына тікелей байланысты. Айта кету керек, мөлшерлеу кешендердің функциялары таңдалған рецепт бойынша сусымалы материалдарды мөлшерлеумен ғана шектелмейді. Сусымалы материалдарға арналған диспенсерлерге әлі де келесі міндеттер:



1.2 сурет -Бетон зауытының мөлшерлеу кешені

- инертті материалдардың белгілі бір қорын уақытша жинақтау және сақтау (бұл өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды);
- инертті материалдарды кейіннен бетон қоспасын дайындау кезінде пайдалану үшін еріту, кептіру және қыздыру (аяз кезінде).

Мөлшерлеу кешенін құрайтын элементтер:

1. материалдарды сақтауға арналған бункерлер (олардың көлемі 5-тен 12-ге дейін және одан да көп текше метр болуы мүмкін);
2. мөлшерлеу кешенінің барлық элементтері бекітілетін тірек рамасы;
3. конвейерлік үлгідегі инертті материалдар мөлшерлегіші;
4. вибратор-дірілдеткіштер
5. пневматикалық жабдықтар
6. жартылай автоматты немесе автоматты басқару пульті.

Маңызды техникалық мәселелер

Қысқы суық түсер алдында мөлшерлеу кешендерінің бункерлеріне қосылған бу генераторынан бу келтіруге арналған арнайы тіркелімдерден

жұмыс істеп тұрған жылу генераторынан қыздырылған ауа берілетін ауа өткізгіштермен жабдықталады. Стационарлық қоймалардан инертті заттарды тиеуді әрқашан шөмішті тиегішпен жүргізеді. Шикізаттың әр түрі тек өз бункеріне жіберіледі. Бункерде екі түрлі шикізат компоненттерін араластыруға тыйым салынады. Конвейер-мөлшерлегіш төрт S-тәрізді тензодатчикке ілінеді. Бұл параметрлердің өте дәл мәндерін алуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта сипатталған диспенсерді қытайлық аналогтардан ерекшелейтін маңызды артықшылығы бар.

Жұмыс процесінің реттілігі:

Мөлшерлеудің жұмыс процесі келесі ретпен жүзеге асады:

Оператордың шешімі бойынша әрбір бункердің инертті компоненттері нақты рецептке сәйкес іске қосылған конвейер арқылы өлшеніп тасымалданады

Инертті материалдардың әрбір түрін беру порция бойынша жүргізіледі.

Бұл жағдайда бір мезгілде өлшеу процесінде жүреді.

Таспада барлық компоненттердің қажетті массасы жиналған кезде, конвейер арқылы бар компоненттерді бетон араластырғышқа жеткізеді.

Осыдан кейін, егер бетон ерітіндісі қажет болмаса, жұмыс циклі аяқталады. Егер бетон ерітіндісінің үлкен көлеміне қажеттілік болса, жұмыс циклі бірнеше рет қайталанады.

Портативті бункер

Портативті бункер, бетон қоспасын бетон араластырғыштан вибропресс формасына жеткізуге арналған. Қоспаны түсіру оның төменгі бөлігінде орналасқан төрт ысырманы ашу арқылы жүзеге асырылады.

Темірбетон сақиналарын өндіруде вибропресс немесе виброформаны қолмен жүктеуге көп уақыт кетеді. Төменгі бөлігінде төрт шибери бар портативті БП-40 бункері дайын бетон қоспасын бетон араластырғыштан қалыпқа жеткізуді жеңілдетеді және оны түсіруді жеңілдетеді. Бункер-төрт шиберден тұратын жиналмалы түбі бар қорап. Кішкентай өлшемдерде оның пайдалы көлемі 0,4 м³ құрайды. Бұл Х10.9 немесе Х15.9 сақинасының нысанын толтыру үшін портативті бункердің бір жеткізілімімен жеткілікті. Тасымалданатын бункердің көмегімен бетон қоспасын беруді және түсіруді бір адам жүзеге асыра алады. Протатипті бункерлер шағын зауыттарда кең қолданысқа ие болған ең тиімді жабдықтардың бірі болып саналады.



1.3 сурет -Бетон зауытының прототипті бункері

Конвейерлі лента

Конвейерлі лента бетон қоспасын вибропресс арқылы формасының өзегіне беруге және түсіруге арналған,

Айналмалы конвейердің артықшылықтары:

- Механикалық құрылғының қарапайым жұмыс принципі және қарапайым электр тізбегі, бір электр қозғалтқышы арқылы сенімді жұмыс жасайды

кернеуін реттеуді жеңілдетеді;

- Конвейердің көлбеу бұрышын өндірістік қажеттіліктерге байланысты өзгертуге болады;

- Тіректер екі дөңгелегі бар рамкаға сүйенеді, олар бір адамның күшімен цехтың еденінде еркін бұрылуды қамтамасыз етеді.

1.2 Бетон өндірісінің сипаттамалары

Бетон өндірісі бұл әртүрлі құрылыс қоспалары мен бетон өндірісі үшін қажетті қоспаларды пайдалана отырып бетон өндіру үшін мұқият ойластырылған, ұйымдастырылған кешен болып табылады. Бетон зауыды кәсіби жабдықтардан тұрады: дисперсті қоспаны сақтауға арналған бункерлер, бетон араластырғыштар, қоректендіру құрылғылары, құрылыс материалдарын тиеу механизмдерімен ленталы конвейерден тұрады.

Бетон зауыттары бетон қоспаларын сақтауға, беруге, араластыруға арналған арнайы жабдықты қамтиды. Одан бөлек металл бункер, құрғақ материалдарды сақтау қоймасы, желдетуге арналған саңылаулары бар герметикалық қақпақпен, ленталы конвейерден, деңгей датчиктерімен, сүзу жүйесімен жабдыкталады. Бетон зауытының негізгі торабтары болып: компоненттерді қосу бункерлері, ингредиенттер араласатын контейнер, бетон араластырғыш болып табылады.

Қосымша жабдықтар. Бұл санатқа арнайы зертханалық жабдықтар,

агрегаттардың температуралық көрсеткіштерін реттейтін қондырғылар

Бетонсыз заманауи құрылыс мүмкін емес, өйткені ол негізгі құрылыс материалдарының бірі болып табылады. Құрылыс жұмыстарының сапасы және олардың жылдамдығы әртүрлі бетон қоспаларын үздіксіз жеткізумен тығыз байланысты. Күрделі құрылысты ұйымдастыру кезінде жұмыс орнына бетон жеткізу өте тиімсіз. Сондықтан жеке ерітінді-бетон қондырғысын немесе басқаша - бетон зауытын көшпелі түрде ұйымдастыру орынды болуы мүмкін. Бұл жағдайда бетон зауыты жиналмалы жіне тасымалдауға ынғайлы етіпқұрастырылады. Қазіргі нарықта бетон зауытының бірнеше түрі кездеседі. Олардың өндіріс ауқымына байланысты, жұмыс істеу режиміне байланысты, орналасу жеріне, циклдар санына байланысты бірнеше классифициялары кездеседі

Бұл дипломдық жұмыста бетон зауытының ленталы конвейрінің электр жетегі қарастырылған. Бетон зауытының құрылысының әртүрлігіне қарамастан олардың негізгі құрылғысы электр жетегі болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты бетон зауытындағы ленталы конвейрінің автоматтандырылған электр жетегін өңдеп, автоматты басқару жүйесін толық құрады.

1.3 Бетон Зауытының классификациясы

Қазіргі нарықта бетон зауытының бірнеше түрі кездеседі. Олардың өндіріс ауқымына байланысты, жұмыс істеу режиміне байланысты, орналасу жеріне, циклдар санына байланысты бірнеше түрге жіктеледі

Бетон зауытының құрылғысы дайын өнімге қойылатын талаптарға байланысты: сапасына, маркасына, жоспарланған тұтыну көлемдеріне, пайдалану маусымына, тұтынылған ресурстардың қол жетімділігіне және басқа факторларға байланысты. Технологиялық циклдардың түрлері бойынша олар әртүрлі заводтардың классификациясына бөлінеді.

Бетон өндіретін зауыттар өнімділігімен, жабдықталуымен ерекшеленеді. Ірі стационарлық кәсіпорындар сағатына 300 текше метрден астам өнім шығарады. Бетон өндіруге арналған мобильді шағын зауыт-сағатына 5 текше метрден бастап. Тұрақты сұранысқа ие бетон зауыттары өнімділігі сағатына 50-ден 70 текше метрге дейін.метр бетон өнім береді.

Технологиялық циклдердің түрі бойынша жіктеу:

Бетон зауыттары толық, біріктірілген, бөлінген циклде жұмыс істей алады. Бірінші жағдайда кәсіпорындар пайдалануға дайын бетон шығарады. Екіншісіндедайын бетон және құрғақ қоспаларды қосу арқылы өнім шығаратын болса, үшінші циклде жұмыс атқаратын бетон зауыттары тек өнім ретінде құрғақ өнім береді.

Бұл циклдердің әрқайсысының өзіндік тиімдіктері мол. Бетон зауыты осы циклдерде оңтайлы жұмыс жасауы үшін, зауыттың қандай көлемде,қандай жағдайда, қандай құрылыс алаңында жұмыс атқаратындығы өте маңызды.

Бетон зауытты орналасқан жеріне байланысты екі түрге бөлінеді:

Стационарлық: Өнімдердің үлкен көлемін үнемі өндіруге . Олардың жұмыс әдістері өндірістік процестерді толық автоматтандыруды көздейді. Мобильді: Құрылыс алаңына жақын жерде орналасқан шағын алаңдарға орналастырылады. Оларды бір-екі жүк көлігімен тасымалдауға болады. Толық құрастыруға және бөлшектеуге бірнеше сағат қажет етеді.

Конвейердің конструкциялы сипаттамасы

Бетон зауытының конвейірі негізінен ең негізгі және жұмыс реті үздіксіз қондырғылардың бір. Бетон зауытының конвейері арнайы бетон өндірілетін қоспаларды зауыт аймағында тасымалдау үшін арналған. Конвейер сөзінің өзі ағылшын тіліндегі conveyor; convey – тасымалдау деген мағынаны береді. Қазіргі заманда техникалық прогрестің арқасында 20 - ғасырдан бастап нарыққа әртүрлі өндірушілерден конвейерлердің бірнеше түрі нарыққа енді. Қазіргі таңда бетон зауытына арналған конвейерлердің бірнеше түрі кездеседі, олар қондырғының көлеміне байланысты, бекітілу жүйесіне байланысты, конвейерді айналдырып отыратын жүйенің жасалған материалдарына байланысты бірнеше түрде болады.

Зауыт аймағына орнатылатын қозғаутегі орнатылмаған конвейерлер түріне гравитациялық конвейер, инерциялық конвейер, винттік конвейерді қарастырсақ болады. Келесі жағдайда қозғаутегі орнатылған конвейердің өзі оған жүктелетін жүктін өзін тасымалдауына байланысты, онда қолданылған жүйелердің түріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Негізгі конвейерлердің орнатылуына байланысты конвейерлер жерге төсемелі және аспалы болып бөлінеді. Біздің жағдайда біз бетон зауытының аймағында берілген орнату тәсілдерінің екеуінде қолданамыз. Зауыт аймағында қолданылатын конвейерлік қондырғылардың қандай жағдайда жұмыс жасайтының алдын ала білген жөн, себебі жұмыс жасау барысына оның орнатылу жағдайы, оған жүктелетін жүктің толық салмағы, сыртқы температура көрсеткіштерінде толық әсер етеді. Бетон зауытының аймағына орнатылатын конвейерлердің ендік көлемін 300 – 2000 мм, жүру жылдамдығын 1,5 – 4,0 м/с деп алып есептейміз. Осы берілген мәліметтерді қарастыра отыра біз конвейерлі лентаға түсетін жалпы жүк көлемін бір айналым кезінде 1000кг деп алып есептейтің болсақ, бұл жағдайда лентаның айналу жылдамдығы 0,5-2,5 м/с деп аламыз.

Зауыт аймағында жұмыс жасайтын конвейердің әрбір параметрі зауыттың дұрыс жұмыс жасауына тигізетін ықпалы өте жоғары. Осы себептен конвейердің электірлік сұлбасын және жалпы қоректендіргіш қозғалтқышты тақдау кезінде қателік жібермеген жөн. Зауыт аймағына орнатылатын қозғаутегі орнатылмаған конвейерлер түріне гравитациялық конвейер, инерциялық конвейер, винттік конвейерді қарастырсақ болады. Келесі жағдайда қозғаутегі орнатылған конвейердің өзі оған жүктелетін жүктін өзін тасымалдауына байланысты, онда қолданылған жүйелердің түріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Негізгі конвейерлердің орнатылуына байланысты конвейерлер жерге төсемелі және аспалы болып бөлінеді. Біздің жағдайда біз

бетон зауытының аймағында берілген орнату тәсілдерінің екеуінде қолданамыз. Зауыт аймағында қолданылатын конвейерлік қондырғыладың қандай жағдайда жұмыс жасайтының алдын ала білген жөн, себебі жұмыс жасау барысына оның орнатылу жағдайы, оған жүктелетін жүктің толық салмағы, сыртқы температура көрсеткіштерінде толық әсер етеді.

Жетекті конвейерді және жүкті тартатын машиналарды қозғалысқа әкелетін асинхронды қозғалтқыш. Ленталы конвейердің қажетті тартылыс күші лента және барабан бетінде пайда болатын үйкеліс күші арқылы жүреді.


Бетон зауытының аймағында ленталы конвейер бетон массасын жасауға арналған барлық компоненттерді арнайы бетон араластырғышқа тасымалдауға қолданылады. Конвейерді зауыт аймағыны орнатып қолдану арқылы жұмыстың үздіксіздігін және зауыт ішіндегі жұмыс күшін азайтаға мүмкіншілік беріледі. Бетон зауыты экономикалық тұрғыда тиімді жұмыс жасауы үшін конвейерді қозғалқыш дұрыс тандалып, барлық техникалық шығындар қарастырылуы жөн.

Конвейердің конструкциясына байланысты конвейер бір барабанды немесе екі барабанды болуы мүмкін. Көпшілік жағдайда бір барабанды конвейерлердің жүру жылдамдығы 0,5 м/с тан аспайды. Біздің жағдайда конвейердің жүру жылдамдығы 0,5 м/с тан кем болмауы қажет. Бұндай жағдайда зауыттың жұмыс істеу реті бұзылып өндірілетін бетон массасы, көлемі күндік нормамен азайя береді. Осы себепті бетон зауытының аймағына орнатылатын конвейердің конструкциясы екі не одан жоғары барабандармен қамтылуы қажет.

Конвейерлердің орнатылуына байланысты оның жүкті қандай бағытта және қандай бөлігінен жүкті бөліп түсіруі байланысты болады. Егерде арнайы конвейердің жақ-жақты бекітілген қаолқаншалары болса онда жүк конвейердің басынан беріліп бекітілген аймаққа жүкті өзінің бойынан ағытып тастап қайда айналып кете береді. Егерде біз орнатылатын конвейердің арнайы қалқаншасыз етіп алатын болсақ бұл конвейер түрінің құрылысы қарапайым және оның науасының кез келген тұсынан жүкті түсіре беруге мүмкіндік бар.

Күрекшелі конвейердің науасы үйкелістен тез тозады, сондықтан бұл конвейер абразивті және ұнтақталған материалдарды тасымалдауға пайдаланылмайды. Мұның жұмыстық бөлігінің жылдамдығы 0,16 – 1,0 м/с, жұмыс өнімділігі 50 – 350 тонна/сағат. Бұл конвейермен жүкті 100 м-ге дейінгі қашықтықта тасуға болады. Еңбек өнімділігінің жоғарылығы, құрылысының қарапайымдылығы, жұмыс қауіпсіздігі.

Көптеген өндіріс орталарында конвейерлі тасымалдау тәсілі кең қолданыс тапқан. Конвейерлі тасымалдау тәсілінің арқасында кез келген өндіріс немесе құрылыс алаңдарында жоғарғы экономикалық және өнімділік сипатындағы жоғарғы көрсеткіштерге қолжеткіссе болады. Зауыт аймағында конвейерлерді қолдану адами жұмыс күшін азайтуға және берілген тасымал түрінің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.



1.4- Сурет . Конвейердің конструкциясы

1.4 - суретте берілген құрылғылар тізімі:

1. Тарту барабыны
2. Тиеу ойығы
3. Тығынды тиегіштері
4. Жоғары ролик тірегіштері
5. Тұйық лента
6. Станина
7. Алдыңғы жетекті барабан
8. Түсіру ойығы
9. Тазалау қондырғысы
10. Төменгі ролик тіректері
11. Жетек


Жетекті конвейерді және жүкті тартатын машиналарды қозғалысқа әкелетін асинхронды қозғалтқыш. Ленталы конвейердің қажетті тартылыс күші лента және барабан бетінде пайда болатын үйкеліс күші арқылы жүреді. Бетон зауытының аймағында ленталы конвейер бетон массасын жасауға арналған барлық компоненттерді арнайы бетон араластырғышқа тасымалдауға қолданылады. Конвейерді зауыт аймағыны орнатып қолдану арқылы жұмыстын үздіксіздігін және зауыт ішіндегі жұмыс күшін азайтаға мүмкіншілік беріледі. Бетон зауыты экономикалық тұрғыда тиімді жұмыс жасауы үшін конвейерді қозғалқыш дұрыс тандалып, барлық техникалық шығындар қарастырылуы жөн.

Конвейердің конструкциясына байланысты конвейер бір барабанды немесе екі барабанды болуы мүмкін. Көпшілік жағдайда бір барабанды конвейерлердің жүру жылдамдығы 0,5 м/с тан аспайды. Біздің жағдайда

конвейердің жүру жылдамдығы 0,5 м/с тан кем болмауы қажет. Бұндай жағдайда зауыттың жұмыс істеу реті бұзылып өндірілетін бетон массасы, көлемі күндік нормамен азайа береді. Осы себепті бетон зауытының аймағына орнатылатын конвейердің конструкциясы екі не одан жоғары барабандармен қамтылуы қажет.

1.4.1 Электр жетек жүйесін таңдау.

Соңғы уақытқа дейін асинхронды қозғалтқыштың негізгі кемшіліктері оларды басқарудың күрделілігі мен үнемсіздігі болды, қысқа тұйықталған роторлы электр қозғалтқыштардың жылдамдығы мен жиілігі тегіс реттелуі мүмкін емес еді. Алайда жиілікті реттеу айнымалы жүктемеде айналу механизмдерін басқару үшін және шығындарды өзгерту үшін қолданылады қ. Айнымалы жиілік жетегінде М асинхронды қозғалтқыш бар және түрлендіргіштің жиілік түрлендіргіші берілген (1.5 сурет).



1.5 сурет – Жиілікті түрлендіргіштен тұратын жетектің жалпы құрылымы

Жұмыс механизмі электр қозғалтқышымен басқарылады. Асинхронды қозғалтқыштың жылдамдығын басқару принципі қозғалтқыштың статорымен пайда болатын магнит өрісінің өзгеру жылдамдығына негізделген. Жиі қолданылатын айнымалы ток жетегі бар асинхронды қозғалтқыштар скалярлық және векторлық басқару түрлерін қолданады. Скаляр бақылау кезінде қозғалтқышқа қолданылатын кернеудің амплитудасы мен жиілігі бақыланады. Инверторды басқару жүйесі тұрақты ток шинасы мен түзеткішті пайдаланады. Синусоидалы қисықтың кернеуі тұрақты амплитудасы мен ω жиілігіне өзгереді, содан кейін $c\omega$ сүзгісі L_v индуктивтілігіне және конденсаторға тегістеледі, содан кейін айнымалы кернеудің айнымалы жиілігіне және ω инверторымен реттелетін амплитудаға айналады. FSH Шығыс жиілігі. Басқару және шығу U_c кернеу инвертордағы импульстардың жоғары жиілігін бақылау арқылы жүзеге асырылады. Импульстің енін бақылау модуляция кезеңімен анықталады, онда электр қозғалтқышының статор орамалары түзеткіштің катодына және анодына қатарға қосылады.

Бетон зауытының конвейерлік белдеуін берудің ең көп таралған негізгі түрі - электрлік беріліс. Конвейерді берудің негізгі мақсаты-конвейердің барлық жұмыс режимінде конвейердің қалыпты қозғалысын және оны беру үшін қажетті тарту күшін қамтамасыз ету.

Осыған байланысты конвейер жетектері келесі негізгі талаптарға сәйкес келуі керек: тегіс іске қосу және баяулау белдіктің қозғалысы кезінде үлкен іске қосу сәтін қамтамасыз етеді. Бірнеше жетекті барабандары бар конвейер жетегі барлық жұмыс режимдерінде осы барабандардың жылдамдығын қамтамасыз етуі тиіс. Белдіктің реттелетін жылдамдығы бар конвейер жетегі бір жылдамдықтан екіншісіне тегіс ауысуды қамтамасыз етуі керек. Жоғары сенімділік кепілдендірілген. Дипломдық жобада бетон зауытының конвейерінің қозғалыс жылдамдығы 0,2...1 м/с шегінде өзгертін электржетегі реттелетін ленталы конвейердің электржетегін жобалау керек.

Жиілік түрлендіргіштерінің жаңа буынының моделі. Пайдаланған айнымалы жүктеме жетектерін басқару үшін қолданылады. Жаңа модель тиімді кішігірім, салмақ және өлшем сипаттамаларымен ерекшеленеді, кеңейтілген функционалдылық, диапазоны күшейтілген: - қуаты 0,12-250 кВт;

электр қозғалтқыштарының тобын бір қозғалтқыштан басқару - U / f бағдарламаланатын тәуелділігі;

- тікелей ағынды басқару (FCC);

- векторлық бақылау;

- 380 В, 50 Гц қуат көзі;

- кіріктірілген PID-контроллер (автоматты баптау функциясымен);

- 6 сандық, 2 аналогтық, PTS / KTY, 3 реле;

- автоматтандыру міндеттері үшін ең қолайлы SIMATIC S7-

200, SIMATIC S7- контроллері бар контроллерлер 300/400 (TIA) немесе SIMOTION.

- 3 параметрлер жиынтығы;

- тежегіш қондырғысы (75 кВт-қа дейін).

Жетекті станция қозғалтқышының (екі) қуаттар қосындысы:

$$P_{\Sigma} = K_3 \frac{F_{\text{таp}} \cdot v}{\eta_P} \text{ кВт}; \quad (1.1)$$

$$P_{\Sigma} = 1,3 \frac{6000 \cdot 1}{0,95} = 8,21 \text{ кВт}. \quad (1.2)$$

1.4.2 Электрқозғалтқышты таңдау

Өнеркәсіпте әртүрлі қозғалтқыштар бар, желдеткіштер, жиілік түрлендіргіштері, қорғаныс құрылғылары және т.б. Бәрінен осы сорттың ішінен желдеткіштің көрсетілген сипаттамалары қанағаттандыратын жабдықты таңдау керек. Бұл бөлімде желдеткіштің қозғалтқышының қуаты есептелген, каталогтардан қозғалтқыш пен желдеткішті таңдау, қолайлы таңдау желдеткішті басқару түрін анықтайтын жиілік түрлендіргіші таңдалған, есептелген және таңдалған жоғары вольтты желі кабелі бақылау және қорғау құралдары, электр жетегі энергетикалық көрсеткіштер анықталады. Қуат деген қозғалтқышты таңдаудың негізгі аспектісі. Таңдалған қозғалтқыштың

номиналды қуаты бастапқы деректердің көмегімен есептелген қуаттан үлкен болуы керек.

Жетекті барабан диаметрін 0,3 м тең етіп таңдаймыз. Беріліс саны $i = 22,4$ тең етіп редукторды таңдаймыз.

Таспа жылдамдығы жылдамдығы $v = 1$ м/с болған кездегі конвейр қозғалтқышының жылдамдығы.

$$\omega = \frac{2 \cdot v \cdot i}{D} \text{ рад/с}; \quad (1.3)$$

$$\omega = \frac{2 \cdot 1 \cdot 22,4}{0,3} = 149,3 \text{ рад/с}. \quad (1.4)$$

жетекті элементтің диаметрі. Конвейер қозғалтқыштарының қосындысы.

$$M_{\Sigma} = K \frac{F_{\text{тар}} \cdot D}{2 \cdot l_{\rho} \cdot \eta_{\rho}} \text{ Н} \cdot \text{м}; \quad (1.4)$$

$$M_{\Sigma} = 1,3 \frac{6000 \cdot 0,3}{2 \cdot 22,4 \cdot 0,95} = 55 \text{ Н} \cdot \text{м};$$

Анықтама негізінде 4А112М4РНУ2 типіндегі екі бірдей қозғалтқыш мынадай параметрлерімен анықтаймыз:



1.5 сурет - 4А112М4РНУ2 типті асинхронды қозғалтқыштың сыртқы түрі

- номиналды қуаты – $P = 5,5$ кВт;
- ПӘК-і – $\eta = 85,5\%$;
- номиналды сырғу – $S_{\text{ном}} = 5\%$;
- синхронды айналу жиілігі - $n_{\text{синхр}} = 1500$ айн/мин;

- $\cos \varphi = 0,86$;
- ротордың инерция моменті – $J_p=0,017 \text{ кг}\cdot\text{м}^2$.

Орам параметрлерін салыстырмалы бірліктен абсолюттікке қайта есептейміз.

$$Z_H = \frac{U_{H.\phi}}{I_{H.\phi}} \text{ Ом}; \quad (1.5)$$

$$Z_H = \frac{220}{11,33} = 19.417 \text{ Ом}; \quad (1.6)$$

$$I_{H.\phi} = \frac{P_1}{3 \cdot U_{H.\phi} \cdot \cos \varphi} \text{ A} \quad (1.7)$$

$$I_{H.\phi} = \frac{6432,75}{3 \cdot 220 \cdot 0,86} = 11,33 \text{ A}; \quad (1.8)$$

$$(1.9)$$

$$P_1 = \frac{P_H}{\eta} \text{ Вт};$$

$$P_1 = \frac{5500}{0.855} = 6432.75 \text{ Вт}; \quad (1.10)$$

$$R'_1 = 0.064 \cdot Z_H = 0.064 \cdot 19.417 = 1.212 \text{ Ом}; \quad (1.11)$$

$$X'_1 = 0.078 \cdot Z_H = 0.078 \cdot 19.417 = 1.514 \text{ Ом}; \quad (1.12)$$

$$X'_2 = 0.13 \cdot Z_H = 0.13 \cdot 19.417 = 2.524 \text{ Ом}; \quad (1.13)$$

$$X_\mu = 2.8 \cdot Z_H = 2.8 \cdot 19.417 = 54.367 \text{ Ом}; \quad (1.14)$$

АҚ номиналды жылдамдығы мен номиналды айналу моментін анықтаймыз:

$$M_{\text{НОМ}} = \frac{P_{\text{НОМ}}}{\omega_{\text{НОМ}}}; \quad (1.15)$$

$$\omega_{\text{НОМ}} = \omega_1 \cdot (1 - S_{\text{НОМ}}); \quad (1.16)$$

$$\omega_1 = \frac{\pi \cdot n_1}{30} = \frac{\pi \cdot 1500}{30} = 157 \text{ рад/с}; \quad (1.17)$$

$$\omega_{\text{НОМ}} = 157 \cdot (1 - 0,05) = \frac{149,2 \text{ рад}}{\text{с}}; \quad (1.18)$$

Бұл жағдайда:

$$M_{\text{НОМ}} = \frac{5500}{149,2} = 38,36 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (1.19)$$

Инерцияның қосындысының моменті бұл жағдайда мынаған тең болады:

$$J_{\Sigma} = J_{\text{пре.устр}} + J_p + J_{\text{жүк}}; \quad (1.20)$$

Бұл жердегі - $J_{\text{пре.устр}} = 0,05 \cdot J_p$;

$$J_{\text{жүк}} = m \cdot \left(\frac{v}{\omega_0} \right)^2. \quad (1.21)$$

Жүктің негізгі массасын келесідегідей формулада анықтаймыз:

$$m = \frac{F_{\text{тяг}} \cdot \eta_p}{\mu \cdot g} \text{ кг}; \quad (1.22)$$

$$m = \frac{6000 \cdot 0,95}{0,014 \cdot 9,81} = 41503 \text{ кг}; \quad (1.23)$$


$$J_{\text{жүк}} = m \cdot \left(\frac{v}{\omega_0} \right)^2 \text{ кг} \cdot \text{м}^2; \quad (1.24)$$

$$J_{\text{жүк}} = 41503 \cdot \left(\frac{1}{149,2} \right)^2 = 1,86 \text{ кг} \cdot \text{м}^2; \quad (1.25)$$

$$J_{\Sigma} = J_{\text{пер.устр}} + J_p + J_{\text{жүк}} \text{ кг} \cdot \text{м}^2; \quad (1.26)$$

$$J_{\Sigma} = 0,05 \cdot 0,017 + 0,017 + 1,86 = 1,877 \text{ кг} \cdot \text{м}^2. \quad (1.27)$$

Бетон зауытының конвейерінің жетекті станциясының кинематикалық сұлбасы 1.5-суретте берілген.



1.5-Сурет. Зауыт конвейерінің жетекті станция кинематикалық сұлбасы.


1.8 Басқару жүйесінің параметрлерінің есептеуі

Басқару жүйесі жылдамдық бойынша тұйықталған бір контурлы жүйені ұсынады. Ол жиілік және жүктеменің толық диапазонында қажетті шамадан бөлек зейінді қамтамасыз ететін статикалық механикалық сипаттамаларын берілген бір стандартқа келтіреді. Өнеркәсіпте әртүрлі қозғалтқыштар бар, желдеткіштер, жиілік түрлендіргіштері, қорғаныс құрылғылары және т.б. Бәрінен осы сорттың ішінен желдеткіштің көрсетілген сипаттамалары қанағаттандыратын жабдықты таңдау керек. Бұл бөлімде желдеткіштің қозғалтқышының қуаты есептелген, каталогтардан қозғалтқыш пен желдеткішті таңдау, қолайлы таңдау желдеткішті басқару түрін анықтайтын жиілік түрлендіргіші таңдалған, есептелген және таңдалған жоғары вольтты желі кабелі бақылау және қорғау құралдары, электр жетегі энергетикалық көрсеткіштер анықталады.

Механикалық сипаттаманың сызықтық аймағында қозғалтқыш жұмыс істейтініне рұқсат етеміз, онда:

$$\begin{cases} (1 + T)M = \beta \omega_0 - \omega; \\ M - M_c = J_{\Sigma} p \omega. \end{cases} \quad (1.29)$$

Осы шарттың есебімен, жүйенің құрылымдық сұлбасы :



1.5- Сурет. Жүйенің құрылымдық сұлбасы

Механикалық сипаттаманың сызықтық бөлік жұмысы кезіндегі қатандығын есептейміз:

$$\beta = \frac{2M_k}{\omega_0 \cdot S_k} \text{H} \cdot \text{m} \cdot \text{c}; \quad (1.30)$$

$$\beta = \frac{2 \cdot 84.6}{157 \cdot 0.188} = 5.732 \text{H} \cdot \text{m} \cdot \text{c}; \quad (1.31)$$

Уақыт тұрақтылығын анықтайтын болсақ:

$$T_э = \frac{1}{S_k \cdot \omega} \text{c}; \quad (1.32)$$

$$T_э = \frac{1}{0.188 \cdot (2 \cdot \pi \cdot 50)} = 0.0169 \text{c}; \quad (1.33)$$

$$T_M = \frac{J_\Sigma}{P} \text{c}; \quad (1.34)$$

$$T_M = \frac{1.877}{5.732} = 0.327 \text{c}; \quad (1.35)$$

$$m = \frac{T_M}{T_э}; \quad (1.36)$$

$$m = \frac{0.327}{0.0169} = 19.4 \gg 4. \quad (1.37)$$

$m \gg 4$ болғандықтан, қарастырылып отырған электржетегі екі тізбектей жалғанған апериодикалық буын түрінде ұсынылуы мүмкін.

Бұл жағдайда, ішкі кері байланыс арқылы қозғалтқыштың беріліс функциясы екінші буыны ретінде қарастырылады:

$$W_d(p) = \frac{1}{T_M T_{\Sigma} p^2 + T_M p + 1}. \quad (1.38)$$

Осы сипаттамалық теңдеудегі түбірлерді анақтау:

$$\begin{aligned} 0,00772p^2 + 0,457p + 1 &= 0; \\ p_1 &= -2,281; \\ p_2 &= -56,916. \end{aligned} \quad (1.39)$$

Осыдан алатынымыз:

$$\begin{aligned} W_d(p) &= \frac{1}{(p + 2,281) \cdot (p + 56,916)} = \\ &= \frac{0,00769}{(0,4348p + 1) \cdot (0,01756p + 1)}. \end{aligned} \quad (1.40)$$

Осыған байланысты, алынған объектінің реттелу беріліс функциясы:

$$W_{OP}(p) = \frac{K_{\Pi} \cdot K_{OC} \cdot 0,00769}{(0,4384p + 1) \cdot (0,01756p + 1)}; \quad (1.41)$$

$$K_{\Pi} = \frac{\omega_0}{U_T} \cdot \frac{1}{B \cdot c}; \quad (1.42)$$

$$K_{\Pi} = \frac{157}{8} = 19,63 \frac{1}{B \cdot c}; \quad (1.43)$$

$$K_{OC} = \frac{U_y}{\omega_{max}} B \cdot c; \quad (1.44)$$

$$K_{OC} = \frac{8}{149.3} = 0,0535 B \cdot c. \quad (1.45)$$

Техникалық оптимум бойынша құрастырылған ықылас беріліс функциясының жүйесі:

$$W_{ж}(p) = \frac{1}{2T_M p \cdot + (T_M p + 1)}. \quad (1.46)$$

$T_{\mu} = 0,01756$ деп аламыз. Уақыт тұрақтысын өтейміз.

Жылдамдық реттеуішінің беріліс функциясы:

$$\begin{aligned} W_{PC}(p) &= \frac{W_{ж}(p)}{W_{оп}(p)} = \frac{(0,4384p + 1) \cdot (0,01756p + 1)}{2T_{\mu}p \cdot (T_{\mu}p + 1) \cdot K_{п} \cdot K_{oc} \cdot 0,00769} = & (1.47) \\ &= \frac{0,4384p + 1}{2 \cdot 0,01756p \cdot 19,63 \cdot 0,0535 \cdot 0,00769} = \frac{0,4384p + 1}{270,05 \cdot 10^{-6}p} \\ &= 1545,6 + \frac{1}{283,6 \cdot 10^{-6}p}. \end{aligned}$$

Пропорционалды – интегралды жылдамдықтың реттегішін (ПИ – ЖР) келесі параметрлерімен алдық:


$$K_{PC} = 1545,6; \quad (1.48)$$

$$T_{И} = 283,6 \text{ мкс}. \quad (1.49)$$


2. Жиілік түрлендіргіші орнатылған көпқозғалтқышты асинхронды электржетектің басқару жүйесін құрастыру

2.1 ЖТ-АҚ жүйесіндегі бірқозғалтқышты асинхронды электржетектің құрылымдық сұлбасы

АҚ жүйенің құрылымдық сұлбасының математикалық сипаттамасын беріліс функциясын негізге ала отырып қарастырамыз. ЖТ-АҚ жүйенің құрылымдық сұлбасы 2.1 суретте келтірілген.



2.1Сурет. АҚ жылдамдық бойынша кері байланыс тұйық жүйесінің құрылымдық сұлбасы.




2.2-Сурет. ЖТ – АҚ тұйық жүйесінің құрылымдық сұлбасы.

АҚ жылдамдығы бойынша кері байланыс тұйықталған жүйесінің

сызықтық құрылымдық сұлбасының берілгеніне басын назар аударған жөн. Бұл ЖТ – АҚ жылдамдық бойынша кері байланыс тұйық жүйесінің құрылымдық сұлбасы MATLAB бағдарламасы арқылы сұлбаланып 2.1 - суретте нәтежиесі берілген.

Асинхронды қозғалтқыштың математикалық сипаттамасын асинхронды қозғалтқыштың құрылымдық сұлбасымен сәйкес талдап қарастырамыз. Жоғарыда көрсетілгендей (2.1-сурет) АҚ құрылымдық сұлбасы екі динамикалық буындардан яғни интеграцияланған және инерцияланған сұлбаларыдан құралады. Берілген динамикалық буындарды дифференциалды теңдеу арқылы көреміз. Осы арқылы асинхронды қозғалтқыштың оған жалғанған жүктемелер кезінде қандай жағдайда жұмыс жасайтының анықтаймыз.

АҚ тұйықталған жүйесінің тұрақты уақыты мен коэффициенттерінің сандық мәндері талынған. Жылдамдықтың ауыспалы процесінің қисықтары және асинхронды қозғалтқыштың ЖТ – АҚ тұйық жүйесінің моментіне жүйе кірісіндегі басқарма бірегей көтерілгендегі $U(3.C) = 1(t)$ ықпал етуі 2.3-суретте көрсетілген.



2.3 - Сурет. Асинхронды қозғалтқыштың тұйықталған ЖТ-АҚ жүйесіндегі жылдамдық пен моменттің өтпелі процесс қисықтары.

Асинхронды қозғалтқыштың жылдамдығының өтпелі процесстер қисығы болып өтпелі процесстің жоғарғыдағы бөлігіндегі қисығы алынады, ал төменгі бөлігіндегі қисық асинхронды қозғалтқыштың электромагниттік моментінің өтпелі процесі болып саналады. Суретте берілгендей жылдамдықты реттеу 30% құрайды. Құрылымды сұлбадағы (2.3 сурет) параметрлері 4A112M4PHU2

типті асинхронды қозғалтқыштың параметрлері алынған.

2.2. ЖТ-АҚ жүйесінің математикалық сипаттамасы

Асинхронды қозғалтқыштың математикалық сипаттамасын асинхронды қозғалтқыштың құрылымдық сұлбасымен сәйкес талдап қарастырамыз. Жоғарыда көрсетілгендей (2.3-сурет) АҚ құрылымдық сұлбасы екі динамикалық буындардан яғни интеграцияланған және инерцияланған сұлбалардан құралады. Берілген динамикалық буындарды дифференциалды теңдеу арқылы көрсетеміз. Осы арқылы интеграцияланған буынның беріліс функциясының дифференциалды теңдеуі келесі түрге ие болады :

$$\frac{d\omega}{dt} = \frac{1}{BT_M} \Delta M - \frac{1}{BT_M} \Delta M_C \quad (2.1)$$

Мұндағы:

$\Delta\omega$ - қозғалтқыштағы жылдамдық өсімшесі;

ΔM - қозғалтқыштағы электромагниттік момент өсімшесі;

ΔM_C - қозғалтқыштағы статикалық момент өсімшесі;

B - АҚ сызықты механикалық сипаттамасындағы қаттылық модулі;

T -Берілген уақыттың электр механикалық тұрақтылығы.

Екінші динамикалық буын үшін, АҚ инерцияланған буынына дифференциалды теңдеуді келесі түрде жазамыз:

$$T_3 \frac{d\Delta M}{dt} + \Delta M = B(\Delta\omega_0 - \Delta\omega); \quad (2.2)$$

$\Delta U_{p2} = \Delta\omega_0$ болғандығы туынды электромагниттегі ΔM (2.2).

Теңдеуі келесі түрге ие болады:

$$\frac{d\Delta M}{dt} = \frac{B}{T_3} U_{p2} - \frac{B}{T_3} \Delta\omega - \frac{1}{T_3} \Delta M \quad (2.3)$$

Мұндағы:

АҚ ротор мен статор тізбегінің эквивалентті электромагнитті уақыт тұрақтысы.

U_{p2} - Жиілікті түрлендіргіштегі шығысындағы кернеудің өзгерісі.

Жиілікті түрлендіргіштің дифференциалды теңдеуі беріліс функциясына байланысты келесі түрге ие болады:

$$T_{pr} \frac{d\Delta U_{pr}}{dt} + \Delta U_{pr} = \Delta K_{pr} \Delta U_{pc} \quad (2.4)$$

$$\frac{d\Delta U_{\text{пч}}}{dt} = \frac{K_{\text{пч}}}{T_{\text{пч}}} \Delta U_{\text{PC}} - \frac{1}{T_{\text{пч}}} \Delta U_{\text{пч}} \quad (2.5)$$

Бұл жерде:

$T_{\text{пч}}$ – жиілікті түрлендіргішінің (ЖТ) уақыт тұрақтысы;

$K_{\text{пч}}$ – Жиілікті түрлендіргішінің берілмелі коэффициенті;

ΔU_{PC} - (ПИ - реттегіш) жылдамдықты реттеудегі шығыс бөлігінің өсімшесі;

$\Delta U_{\text{з.с}} =$

const болған кезде ПИ – жылдамдықты реттегіштің беріліс функциясы кезіндегі жылдамдықты реттегішінің дифференциалдық теңдеуі келесідей болады:

$$\frac{d\Delta U_{\text{pc}}}{dt} = \frac{1}{T_{\text{pc}}} \Delta U_{\text{з.с}} - K_{\text{PC}} K_{\text{OC}} \frac{d\Delta \omega}{dt} - K_{\text{PC}} K_{\text{OC}} \Delta \omega \quad (2.6)$$

Бұл дифференциалды теңдеуде, туынды жылдамдықтың орнына $\Delta \omega \cdot dt$ 2.1 теңдеуінің оң бөлігін қойып өрнектейміз. (2.6) келеі түрдегіде жазып шығамыз.

$$\frac{d\Delta U_{\text{pc}}}{dt} = \frac{1}{T_{\text{pc}}} \Delta U_{\text{з.с}} - \frac{K_{\text{pc}} K_{\text{oc}}}{BT_{\text{M}} T_{\text{pc}}} \Delta M - \frac{K_{\text{pc}} K_{\text{oc}}}{BT_{\text{M}} T_{\text{pc}}} \Delta M_{\text{c}} - \frac{K_{\text{PC}} K_{\text{OC}}}{T_{\text{pc}}} \Delta \omega \quad (2.7)$$

Мұнда:

$\Delta U_{\text{з.с}}$ – берілетін сигналдың өсімшесі;

K_{pc} – ПИ- реттегіштің еселігі;

T_{pc} – ПИ- реттегішінің уақыт тұрақтысы;

K_{OC} – ЖТ-АҚ жүйесіндігі кері байланыс коэффициенті.

АҚ тұйықталған жүйенің математикалық модель типін дифференциал теңдеуін келесі түрдей жазуға болады:

$$\frac{d\omega}{dt} = \frac{1}{BT_{\text{M}}} \Delta M - \frac{1}{BT_{\text{M}}} \Delta M_{\text{c}}; \quad (2.8)$$

$$\frac{d\Delta M}{dt} = \frac{B}{T_{\text{Э}}} U_{\text{p2}} - \frac{B}{T_{\text{Э}}} \Delta \omega - \frac{1}{T_{\text{Э}}} \Delta M; \quad (2.9)$$

$$\frac{d\Delta U_{\text{пч}}}{dt} = \frac{K_{\text{пч}}}{T_{\text{пч}}} \Delta U_{\text{PC}} - \frac{1}{T_{\text{пч}}} \Delta U_{\text{пч}}; \quad (2.10)$$

$$\frac{d\Delta U_{pc}}{dt} = \frac{1}{T_{pc}} \Delta U_{3.c} - \frac{K_{pc}K_{oc}}{BT_M T_{pc}} \Delta M - \frac{K_{pc}K_{oc}}{BT_M T_{pc}} \Delta M_c - \frac{K_{pc}K_{oc}}{T_{pc}} - \Delta \omega; \quad (2.11)$$


Сонымен ЖТ-АҚ тұйықталған жүйесінің математикалық сипаттамасы дифференциалдық теңдеу жүйесімен талданып көрсетілген. Бұл сияқты математикалық модельді көрініс конвейердің көпқозғалтқышты асинхронды элетіржетегін басқару жүйесінің ЭВМ – ді пайдалану арқылы синтез, анализ есептерін шешуге мүмкіндік береді. Берілген есептерді қолдана отыра зауыт аймағында орнатылатын қозғалтқышқа жалғанатын жиілікті түрлендіргіштің барлық математиматикалық сипаттамасын аламыз.

2.3 Екіқозғалтқышты электржетектің динамикасының математикалық сипаттамасы мен құрылымдық сұлбасы

АҚ жүйесінің көпқозғалтқышты электржетектің MATLAB бағдарламасында қарастырылғын құрылымдық сұлбасы (2.4) суретте берілген. Зауыт конвейерінің көпқозғалтқышты асинхронды электржетегінің құрылымдық сұлбасы екі бірдей бірқозғалтқышты электржетегінен тұрады

АҚ барлық жүйесінде жылдамдық датчигі яғни тахогенератор, жиілікті түрлендіргіш болып саналады. Барлық жылдамдық датчиктері шығысындағы кернеу арқылы жинақталады. Осы арқылы кернеу сумматордың шығыында кернеу жылдамдық датчиктеріне күшейткіш арқылы өтіп, берілетін және жинақталатын кернеулер салыстырылып, салыстыру элементінің пайдаланылматынын айрықша ескереміз. ЖТ-АҚ жүйесінің екіқозғалтқышты асинхронды эжлектржетегінде ПИ- жылдамдық реттегіші ортақ болатынын да ескереміз. Бұл екіқозғалтқышты асинхронды электржетектің (ЕАЭЖ) динамикасының математикалық сипаттамасында ескеріледі.

АҚ барлық жүйесінде жылдамдық датчигі яғни тахогенератор, жиілікті түрлендіргіш болып саналады. Барлық жылдамдық датчиктері шығысындағы кернеу арқылы жинақталады. Осы арқылы кернеу сумматордың шығыында кернеу жылдамдық датчиктеріне күшейткіш арқылы өтіп, берілетін және жинақталатын кернеулер салыстырылып, салыстыру элементінің пайдаланылматынын айрықша ескереміз. ЖТ-АҚ жүйесінің екіқозғалтқышты асинхронды эжлектржетегінде ПИ- жылдамдық реттегіші ортақ болатынын да ескереміз. Бұл екіқозғалтқышты асинхронды электржетектің (ЕАЭЖ) динамикасының математикалық сипаттамасында ескеріледі.



2.4-Сурет. ЖТ-АҚ жүйесіндегі екіқозғалтқышты электржетегінің құрылымдық сұлбасы

АҚ барлық жүйесінде жылдамдық датчигі яғни тахогенератор, жиілікті түрлендіргіш болып саналады. Барлық жылдамдық датчиктері шығысындағы кернеу арқылы жинақталады. Осы арқылы кернеу сумматордың шығыында кернеу жылдамдық датчиктеріне күшейткіш арқылы өтіп, берілетін және жинақталатын кернеулер салыстырылып, салыстыру элементінің пайдаланылматынын айрықша ескереміз. ЖТ-АҚ жүйесінің екіқозғалтқышты асинхронды электржетегінде ПИ- жылдамдық реттегіші ортақ болатынын да ескереміз. Бұл екіқозғалтқышты асинхронды электржетектің (ЕАЭЖ) динамикасының математикалық сипаттамасында ескеріледі.

ЕАЭЖ динамикасының математикалық сипаттамасын (2.8) теңдеу жүйесінің негізінде құрастырамыз. Жылдамдық бойынша кері байланыс болмаған себептен, яғни $K_{oc}=0$ бірінші ЖТ-АҚ жүйесінің теңдеулер жүйесін келесі түрде жазамыз:

$$\frac{d\omega_1}{dt} = \frac{1}{BT_M} \Delta M_1 - \frac{1}{BT_M} \Delta M_{C_1}; \quad (2.12)$$

$$\frac{d\Delta M_1}{dt} = \frac{B}{T_\Omega} U_{pr1} - \frac{B}{T_\Omega} \Delta \omega_1 - \frac{1}{T_\Omega} \Delta M_1; \quad (2.13)$$

$$\frac{d\Delta U_{пч1}}{dt} = \frac{K_{пч}}{T_{пч}} \Delta U_{pc} - \frac{1}{T_{пч}} \Delta U_{пч1}; \quad (2.14)$$

Екінші ЖТ-АҚ жүйесіндегі дифференциал теңдеуінің типтік көрінісі мынадай көрініске ие болады:

$$\frac{d\omega_2}{dt} = \frac{1}{BT_M} \Delta M_2 - \frac{1}{BT_M} \Delta M_{C_2}; \quad (2.15)$$

$$\frac{d\Delta M_2}{dt} = \frac{B}{T_3} U_{pr2} - \frac{B}{T_3} \Delta \omega_2 - \frac{1}{T_3} \Delta M_2; \quad (2.16)$$

$$\frac{d\Delta U_{пч2}}{dt} = \frac{K_{пч}}{T_{пч}} \Delta U_{pc} - \frac{1}{T_{пч}} \Delta U_{пч2}; \quad (2.17)$$

Жоғарыда көрсетілгендей $K_{oc} = 0$ болған кезде, теңдеудің төртінші бөлігі мынадай түрге ие болады:

